

Ертенгілік

Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»



Тәрбиеші:

2024-2025

«Достығымыз жарасқан»

1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған ертеңгілік сценарий

Мақсаты:

Балаларды достыққа, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.
Әртүрлі ұлт өкілдерін сыйлауға үйрету.
Мерекелік көңіл күй сыйлау.

Безендіру:

- Түрлі түсті шарлар
- Қазақстан туы
- «1 Мамыр – Достық мерекесі» жазуы
- Ұлттық оюлар, гүлдер

Кейіпкерлер:

- Жүргізуші
- Достық ханшайымы (тәрбиеші)

Музыкамен балалар залға кіреді

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар!
Бүгін біз өте тамаша мерекеге жиналдық.
1 Мамыр – халықтар достығы мен бірлігі күні!
Біздің елімізде көп ұлт өкілдері
тату-тәтті өмір сүреді.
Біз бәріміз дос болайық!

Балалардың тақпақтары

Бала:

Біз бақытты баламыз,
Тату-тәтті боламыз.

Бала:

Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

Бала:

Көк аспанда күн күлсін,
Бірлік туы желбіресін!

Бала:

Қазақстан – ортақ үй,
Дос көңілді елміз біз!

Ән: «Достық әні»

(Балаларға арналған көңілді ән)

Ортаға Достық ханшайымы келеді

Достық ханшайымы:

Сәлем, балалар!
Мен Достық ханшайымымын.

Мен тату, мейірімді балаларды жақсы көремін.

Сендер доссындар ма?

Балалар:

Иә!

Достық ханшайымы:

Онда бірге ойнап, билейік!

Ойындар

1-ойын: «Досыңды тап»

Балалар музыкамен жүреді, музыка тоқтағанда бір-бірін құшақтайды.

2-ойын: «Түсті гүлдер»

Балалар түрлі түсті гүлдерді жинайды.

3-ойын: «Көңілді шеңбер»

Балалар қол ұстасып шеңбер жасап айналады.

Би:

«Қара жорға» немесе көңілді достық биі

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін»

Жүргізуші:

Балалар, достық дегеніміз —

бір-бірімізді сыйлау, көмектесу, бірге ойнау.

Біз әрқашан тату болайық!

Қорытынды